

ОНЛАЙН МАТЕМАТИКА

Нурмолдин А.А.

Студент, М. Козыбаев атындағы СҚМУ, Петропавл

Адамзат өзінің индустриалдық даму сатысынан постиндустриалдық даму сатысына, дәлірек айтсақ, ақпараттық сатыға біртіндеп көшіп келеді, өйткені мемлекеттің экономикасында, техникасында, ғылымында және осы заманның одан арғы даму кезеңінде информатиканың соңғы жетістіктерінің кеңінен пайдаланусыз қалатынын елестету қиын. Әрбір жеке адамның да өмірі уақыт өткен сайын информатикамен тығыз байланысып келеді.

Қазіргі заманның ғылыми-техникалық жетістіктерінің бірі – дигиталды елдерінің жергілікті және ғаламдық желілері арнайы қызмет көрсету программалары арқылы байланыстырып қойылған.

Дигиталдылік әрмекші торы бұл - миллиондаған мәтін, аудио, бейне және мәліметтер іздеп табуға мүмкіндік беретін желі. Интернетте миллиондаған сайттар бар, соның ішінде өзекті ақпаратпен қоса көптеген ескі қорлар орналыстырылған. Интернет – белгілі бір басқарушысы жоқ демократиялық ақпарат көзі болып табылады. Кез келген адам желіге өзінің қорын орналастыра алады, мәліметтер қабылдай алады.

Интернеттің артықшылығы – ол түрлі көлемді әр алуан тақырып бойынша өзінде сақтаулы мәліметтерді экран бетінде көрсетіп береді.

Оқу барысында, математика пәнінен мәліметтерді интернеттен іздеу кезінде тіл жағынан проблемасы көп. Желіде барлығы бар екені белгілі, бірақ математика пәні мен басқа пәндерден қазақша мәліметтер аз, тіпті жоқ деуге болады.

Бұл проблеманы шешу жолының бірі - қазақ тілінде математика пәні бойынша ыңғайлы, сауатты сайт жасау. Сондықтан, студенттерге және оқытушыларға жоғары математикадан көмекші құрал ретінде сайт құрылды. Сайтта студенттер, ізденушілер, оқытушылар өздеріне керекті ақпаратты онлайн режимінде ала алады. Сайттың жобасы 1-суретте көрсетілген:



1-сурет. Сайттың алғашқы беті

Сайт сол жақ бөлігінде орналасқан мәзір арқылы басқарылады. Сайт дәрістен, жаңалықтардан, онлайн калькулятордан, қысқаша анықтамадан және қосымша ақпараттардан тұрады. Мұнда сайттағы өзгертулер жайлы немесе тағы басқа ақпараттарды енгізуге және онлайн режимінде калькулятормен есептеулер жүргізуге болады. Дәрістік материалдар жоғарғы оқу орындарындағы математикалық мамандықтардың оқу жоспарындағы математикалық пәндерінің жұмыс оқу бағдарламасына сәйкес енгізілген. Қосымша жаңа материалдар енгізу үшін сайтты өзгертпей-ақ MySQL бағдарламасын қолданып деректер базасын (ДБ) жаңартуға болады. Дәрістерді енгізу кезінде оның енгізу кінні мен авторын қосуға мүмкіндік бар.

Пайдаланушы есеп шығару барысында қысқаша анықтамалар бөлімінен математиканың негізгі формулаларын қолдана алады.

Бұл сайтқа қолданушылар өздерінің дәрістерін, жұмыстарын енгізе алады. Ол үшін мәзірден —байланысу пункты арқылы өздерінің дәрістерін әкімшілікке (администратор) жібереді. Кейін әкімшілік жиналған жаңа материалды ДБ қосады.

Сонымен қатар бұл сайттың айта кетер жетістігі - бұл математика бойынша ғылыми зерттеулердің жобасын жазумен айналысушылардың өз мақалаларын әкімшілік арқылы сайтқа шығарып, қолданушылардың пікірлері мен ортақ талқылауына ұсына алуы.

Бұл сайттың қашықтық оқу түрінде оқитын студенттер мен оқытушылар үшін де маңызы зор. Кез келген оқытушы өзінің дәрістік материалдары мен студенттерге арналған жеке жұмыс тапсырмаларын сайтқа енгізіп, қашықтық түрде оқитын студенттерді осы сайтқа жолдауына болады. Студенттер мұнда өзіне керекті барлық материалды таба алады.

Қолданысқа ұсынылатын сайттың тағы бір ерекшелігі – мұнда математикалық оқулықтардың, әдістемелік кешендердің, дидактикалық материалдардың, есептер жинағының және т.б. құралдардың электрондық нұсқасын табуға болады. Әрбір құралдың авторы үшін өз материалының авторлығы сақталады және басқа жоғарғы оқу орнының студенттері мен оқытушыларынан өз оқулығы бойынша пікірлерін ала алады. Осы жерде әр қолданушы оқырман оқулық бойынша сараптық талдауы мен ұсыныстарын білдіре алады. Сол себепті оқулықтардың авторлары аталған ескертулер мен ұсыныстарға назар аударып оқулығын жақсартуға мүмкіндік алады.

Осы сайт мемлекеттік тілде білім алатын оқушылар мен студенттердің математика пәнін игеруде білім деңгейлерін жетілдіру үшін көмекші ретінде кеңінен қолданылады деген мақсатпен жасалынды.

Әдебиеттер

1. Г. Ә. Жапаров —Информатика негіздері», Алматы, 2006.
2. О. Камардинов —Информатика», Алматы, 2010.